



Сыр буккен жыра

Біздің өңірде 1-ферма деген қойлы ауыл болды. Сол ауылға бара жатқанда Бесоба жайлауының бер жағында жолды кесе-көлденең кесіп өтетін жыра бар еді. Абайламай өтсең, машинаңды орғытып, төбең кабинаның төбесіне тиетін. Талай жүргізушілер байқаусызда серіппелі темірін (рессор) қирататын. Бірақ не жыра, кім қазды, қашаннан бері бар, ешкім білмейді. Әкей кейде Қырқаңды (1-ферманың тұрғыны Қырықбес Байғожин) үйіне жеткізіп салуды сұрайтын. Мен сол уақытта жас шопырмын. Сондай бір кезекті «рейсте» (1-ферма Төртүйден 20 шақырымдай жерде орналасқан) ол Бесоба деген жердің бес обасын санап тұрып көрсеткен болатын. Сол маңатта Көркей қажының құдығы барын да айтқантұғын. Тағы бір сапарымызда сол жырадан абайлап өтіп, жыра жайлы сұрадым. Ол кісі: «Қарағым, өзім де білмеймін, әкем Бөгенбай батыр арық қаздырып, егін ектірген деуші еді», - дейтін. Бірақ мұның қисыны келіңкіремейді. Бөгенбай батыр ауыл шаруашылығымен айналыспаған, тіпті бұл өңірде болмаған да шығар. Ол кісі қолбасшы, яғни, әскери іспен айналысқан. Мәшһүр Жүсіп атаның бір жазбасында: «Бізден бұрынғы бабаларымыз Шідерті өзенінің төменгі жағынан арық қазып, егіншілікпен шұғылданған» деген дерек бар. «Отарқа» газетінің биылғы №23 санында жарияланған мақаламда Күйік беткейі атауы кездеседі. Жыра (арық) Күйік беткейіне қарай қазылған. Бұл жер құнарлы, бабаларымыз арық қазып, су шығарып, егін еккен болар. «Екібастұз» кеңшары тарағанға дейін бұл аумақта жүгері бригадасы жұмыс істеп, мол өнім алынатын. Беткейдің арғы жағы - Қаражар ауылы. Мұнда археологтар жылда келіп, зерттеу жұмыстарын жүргізуде. Зерттеліп жатқан жердің тұрғындары осы арықты қазып, суарып, егін салған болар. Себебі олар жартылай отырықшы болған ғой. Бұл Ноғайлы заманына сәйкес келсе, қазақта Күйік деген хан болған. Зерттеліп жатқан жер Күйік ханның ордасы не қонысы болған шығар. Күйік беткейі деген атау сол ханның атымен байланысты болуы мүмкін. Бұл, әрине, ғылыми дерек емес. Қарапайым адамның топшылауы деп қабылдаңыздар.

**Зарлық Саржанов,
Төртүй ауылының тұрғыны,
зейнеткер.**

